

Біржолғы талондардың құны және тіркелген салықтың ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 тамыздағы N 6/27 шешімі. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қыркүйекте N 12-10-99 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 6/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 07.12.2012 N 6/9 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіні қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабына және Май аудандық салық басқармасының орташа күндізгі хронометражды бақылау және тексеру нәтижелеріне сәйкес қарап және талқылап аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Май ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қоса берілген тізімнің түрлері мен бағанасына сәйкес біржолғы талондардың және тіркелген салықтың ставкалары 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған 10 күннен бастап күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау мен қадағалау әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет жөніндегі комиссияға жүктелсін.

Сессия төрайымы

М. Жақсымбетова

Аудандық мәслихатының хатшысы

А. Тәңірберген

М а й а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
N 6 / 2 7 ш е ш і м і н е
1-қосымша

Эпизодикалық сипаты бар кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құны

N p/ с	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік біржолғы талонның бағасы (теңге)

	Сату /стационарлық жайда жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда/:	
	газет және журналдар	50
	тұқым, сондай-ақ отырғызу (екпе, көшет) материалдары	100
	бақша дақылдары	150
	саяжай және үй төңірегінде өсірілген гүлдер	50
1.	қосалқы ауыл шаруашылық өнімдері, бау-бақша және саяжай телімінен алынған өнімдер	100
	мал және құс жем-азығы	200
	сыпырғыш, талшыбықтар, саңырауқұлақтар	50
	орман жеміс-жидектері, балық	100
	бал	200
	өңделген саңырауқұлақтар	100
	ірі қара мал және жылқы бағу (1 бас)	2
	мал бағу (қой, ешкі 1 бас)	1
	үй құстарын бағу	0,5
2.	Жер телімін өңдейтін жеке трактор иелерінің қызметі	250
	халық тұтынатын тауарларды сатушының сөресінен сату (1 сауда орны)	150
	азық-түлік тауарларын сатушы сөресінен сату (1 сауда орны)	100
	халық тұтынатын тауарларды автокөліктен сату	300
	автокөліктен ағаш сату (1 автокөлік)	500
	автокөліктен азық-түлік тағамдарын сату (көкөністер, жемістер)	200
3.	халық тұтынатын тауарларды қолдан сату (еттен басқа)	100
	азық-түлікті қолдан сату	120
	ет сату (1 сауда орны)	300
	ұсақ мал (қой, ешкі, шошқа) сату	400
	құс сату	250
	бұрын қолданыста болған тауарларды қолдан сату	350
	бұрын қолданыста болған тауарларды сатушы сөресінен сату (1 сауда орны)	100

М а й а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ы 2 6 т а м ы з д а ғ ы
N 6 / 2 7 ш е ш і м і н е
2-қосымша

Тіркелген салықтың ставкалары

N p/c	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Салық салу үшін 1 объектіге бекітілген салық ставкасы (АЕК)

1.	<ul style="list-style-type: none">• ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	
2.	<ul style="list-style-type: none">• бил - бильярд үстелі	1
		3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ